



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Жаза жеңілдегенмен, жауапкершілік ауырлайды

Өткен жылы облыста есірткі тарату қылмысын – (зақладқа) жасап ұсталған 72 адам соттың үкімімен темір торға қамалып, жазасын өтеп жатыр. Қылмыстық кодекстің 297-бабы бойынша жаза – ауыр. Мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Әлбетте, заң – бәріне ортақ. «Жаза бастым, жаңылдым немесе, небары бір рет қана есірткі жасырып едім» деп, қанша жерден өкініп, кінәнді мойындағанымен, жаза – біреу. Себебі, дәл осы есірткіге қатысты жасалған қылмыстардың халық денсаулығына және имандылыққа қарсы құқық бұзушылықтар ретінде саралануы да оның салмағын ауырлата түседі. Бірақ, өмірдің өзі ақ пен қарадан тұрады десек, қай күні және қашан басымызға қайғының қара бұлтты үйірілеріне ешқайсымыз кепілдік бере алмаймыз. Есірткі жасырып ұсталғандардың да әрқайсысының тағдыры – әр алуан. Көбі – небары бір рет жасырып үлгерместен-ақ, полицияның құрығына түскендер. Бірақ, бұдан былай жаза басқанның жазасы жеңілдейді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған, биылғы наурыздан күшіне енетін заң негізінде «зақладчиктердің» жазасы жеңілдеп, тіпті, бірқатары мерзімінен бұрын бостандыққа шығуы мүмкін.

Салтанат ІПНЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақта өткен жылы есірткіге қатысты қылмыс жасаған 172 адам анықталып, ұсталғанын айтады облыстың полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы Ғалымжан Бекболатов. Оның алтауы – ТМД азаматы, үшеуі – шетелдік болса, 16-сы – әйел. Есірткі жасыратындар арасында



Президент тапсырмасын орындай отырып...

балалардың да бар екенін де жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, 172 адамның 11-і – көмелетке толмағандар.

Бұл ретте «есірткі жасырушы» санаты бойынша – 36 адам, «оператор-өлшеп-ораушы», «тасымалдаушы», «көтерме сауда кuryері» санаттары бойынша 18 адам ұсталған.

– Қылмыс жасайтындардың дені – орта жастағы азаматтар. Атап айтар болсақ, 16-дан 35 жас аралығындағылар. Ал, есірткінің заңсыз айналымын ұйымдастырушылар жасөспірімдерді көп жағдайда өздерінің қылмыстық мақсаттарында пайдаланады, – дейді Ғалымжан Халелұлы.

Наурызда күшіне енетін заң есірткі өндірісіне жауапкершілікті де күшейтетінін де айту керек. Енді бұл үшін 15 жылдан 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе мүлкі тәркіленіп өмір бойына бас бостандығынан айыру қауіпі бар.

Одан бөлек, лауазымды тұлғалардың есірткі таратқаны үшін жаза тіпті қатан. Егер бұрын мүлкі тәркілену арқылы 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылған болса, жаңа заң күшіне енгенде жаза мерзімі 20 жылға дейін ұзартылады.

Ал, есірткі жасырушылар, яғни, «зақладчиктер» үшін жаза жеңілдейді. Егер бұрын олар бес жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін болса, енді бес жылдан сегіз жылға дейін азаяды.

Бұл қадам есірткі курьерлерінің негізінен жасөспірімдер екендігіне және олардың өздерінің есірткі дайындамайтындығына негізделген. Бұл ретте есірткі жасырғаны үшін қайта айып тағылған жағдайда 7 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру қауіпі бар. – Жазаны мұндай жеңілдету жасөспірімдердің немесе жастардың, яғни, «зақладчиктердің» есірткіні өздері дайындамайтындығына және өндемейтініне байланысты. Олардың өздерін де құрбан деп айтуға болады. Қаржы тапшылығынан киналып, табыс табама деген оларды қылмыстық мақсатта пайдаланып, ақыры түрмеден бір-ақ шығады, – дейді Ғалымжан Бекболатов.

Ғалымжан Бекболатұлы елімізде есірткі қылмысы үшін сотталған 4 мыңнан астам адам жазасын өтеп жатқанын айтады. Ал, заң күшіне енгенде шамамен 2430 іс қайта қаралуы мүмкін. Оның ішінде 427 адам бас бостандығынан айыру орындарынан босатылса, 894 адам мерзімінен бұрын босауы мүмкін. Ал, 1109 сотталушының жазасы неғұрлым жеңіл жазаға ауыстырылады. Бірақ, ол – соттың құзырында.

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Шәкіртақы өседі

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру мақсатында «Келешек» біріншілік ерікті жинақтау жүйесі әзірленді.

Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекеттік қолдаудың бұл шарасы еліміздегі балаларға 5 жастан бастап 18 жасқа толғанға дейін елде және шетелде білім беру қызметтеріне, соның ішінде, жоғары, сондай-ақ, техникалық және кәсіптік білім беру қызметтеріне ақы төлеу үшін қаржы қаражатын тұрақты жинақтауға арналған.

Сондай-ақ, мемлекет ЖОО студенттері үшін стипендияларды ұлғайту бойынша жоспарлы жұмысты жалғастыруда. Биыл ЖОО және колледж студенттері үшін стипендия 2 есе, магистранттар мен докторанттар үшін 1,75 есе артады.

Ал, 1 қыркүйектен бастап, бакалавриат студенттеріне стипендия 52 372 теңгеге дейін, ал, педагогикалық және медициналық бағыттағы білім алушыларға – 84 000 теңгеге дейін, магистранттарға – 117 098 теңгеге, докторанттарға – 262 500 теңгеге дейін өседі. Интернатурада оқитын студенттерге стипендия – 94 862 теңге, ал, резидентурада – 134 664 теңге көлемінде төленетін болады. Емтихан сессиясын «өте жаксы» тапсырған жағдайда студенттердің жоғары стипендия алу мүмкіндігі сақталады.



Зауыттағы жас отау

Саран индустриалды аймағында орналасқан «Silk Road Electronics» тұрмыстық техника шығаратын зауытта жас отау нәтижелі жұмыс істеп жүр. Тіпті, екі жас зауыт ашылмай тұрып, жұмысқа орналасқан алғашқылардың бірі.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әуелі зауыттың кадр бөліміне Диляра Талғатқызы жұмысқа орналасыпты. Іс құжатына мығым жұдырықтай қыз өзіне тапсырылған шаруаны ширатып әкетеді. Бос жұмыс орындар жәрмеңкесіне үзбей барып, зауытқа жұмысшы мамандарды жинайды.

Сөйтіп жүргенде жолдасы Мирас Қанатұлы келіншегіне: «Мен сізді өмірлік серігім ретінде жар етіп алдым. Соның есесі болсын, мені енді жұмысқа сіз алыңыз», – деп әзілдепті. Ойнап айтқаны орындалып, әлі ашылмаған зауытқа құжатын өткізеді. Содан алғашқылардың бірі болып Ташкенттен тағылымдамадан өтіп, тәжірибесін жетілдіреді.

Мирас Қанатұлы зауытқа жұмысқа қабылданамын деп мүлдем ойламапты. Ол – Қарағанды зерттеу университетіндегі химия факультетінің үздік түлегі. Оқуын ойдағыдай бітірген Мирас Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады. Әскери сапта жүріп те, өзін жан-жақты көрсете білген сарбаз түрлі оқу-жаттығу жиынында озық болады. Содан соң дипломмен «AlsKazlab» сынақ зертханасына химик болып орналасады. Ондағы міндетін де мінсіз атқарады. Тағы да өзі білім алған университеттен заңгер мамандығына



қосымша оқуға түседі. Құқық қорғау саласында да еңбек етеді. Сөйтіп, келіншегі екеуі кенесіп, жаңа зауыттан жарқын болашақ іздейді. Қазір Мирас Сайын – кәсіпорынның жауапты маманы.

– Келіншегім Диляра үнемі бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін аралап, зауытқа жұмысшы мамандарды іздеп жүретін. Ол кезде кәсіпорын әлі ашыла қоймаған. Содан әзілдеп айта салған едім. Ойыным шыңға айналып шыға келді. Өйтпесе, екі бірдей дипломым бар. Екеуімен де тәуір жұмыс істеп, азды-көпті жемісін көрдім. Келіншегімнің күнде дастарқанда айтатыны – зауыттың келешегі, жоспары. Мені одан сайын қызықтыра берді. Сөйтіп, Ташкенттегі тұрмыстық техника шығаратын жеті бірдей зауыттан тәжірибе то-

лықтырып келдім, – дейді Мирас Сайын.

Мирастың қай істі болсын домалатып әкететін қабілеті бар. Соның арқасында аз уақыт ішінде оған ас үй пешін құрастыратын цехты басқаруды сеніп тапсырады. Қазір оның цехында 25 жұмыскер бар. Ас үй пешінің «ArTel», «Shivaki», «Arg», «Arpetito» брендтерімен 62 түрін құрастырады. Күніне 350-400 пеш әзірлейді. Оларды толық құрастырып, техникалық тексерістен жіті өткізіп, еш кедергісіз жұмыс істейтініне көз жеткізіп, қаптап, құжатты сәйкестендіріп, қоймаға жөнелтеді.

Өндірістің жетекші цехына басшылық жасай отырып, жұмысты тиімді ұйымдастыру, жаңадан келген жұмыскерлерді оқыту, қауіпсіздік шараларын қадағалау деген секілді жауапты міндеттер де Мирастың

мойнында. «Бастысы – өнімнің сапасы мен күнделікті жоспарды орындау», дейді өзі.

Жары Диляра да зауыттың «отымен кіріп, күлімен шығып» жүр. Бүгінде сол еңбегі еленіп, кәсіпорын әкімшілігінің жауапты маманы болып тағайындалды. Серіктестіктің қоғам және мемлекеттік мекемелермен байланыс басқармасына жетекші болған Диляра Талғатқызының мойнында көп шаруа бар. Сырттан келген меймандарды қарсы алып, зауыт тіршілігімен таныстырудан басқа іскерлік келісім құжаттарын рәсімдеу, ішкі құжат айналымымен дамыл таппайды.

«Біз осы зауыт ашылмас бұрын отау құрғанбыз. Міне, отбасымыз да өсіп, өніп келеді. Біз еңбек етіп жүрген зауыттың өндірісі де өркен жайып, қанаты қаттып келеді. Күйеуім – зауыттағы ең озат жұмысшының бірі. Өрине, абырой санаймын. Зауытпен қатар қанат жайып келеміз. Осы жерде жүріп, жаңа баспанға қол жеткіздік. Жаңа көлік алдық. Жас отбасы үшін бұл да аз жетістік емес. Басшылық еңбегімізді елеп, қызметімізді де жоғарылатып жатыр. Екі қызымыз бар. Олардың да оқу үлгерімі жақсы. Үйірмелеріне барады. Тәубе дейміз. Барлығы – еңбектің арқасы. Бастысы, жарымыз екеуіміз үйде де, жұмыста да біргеміз», – дейді бақыт құшағындағы Диляра.

Екеуі де – белсенді. Бос уақыттарын тиімді өткізеді. Үйлерінің жанындағы спорттық кешенде бірге жаттығады. Міндетті түрде күнделікті шахмат ойнап, ойларын шынықтырады.

Айтпақшы, жас отау жақында жаңа шаңыраққа қоныс аударғанын сүйіншілеп қалды. Олар да отандық өнімді қолдап, өздері еңбек етіп жүрген «Silk

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Road Electronics» кәсіпорнынан электр тауарларын сатып алыпты. «ArTel» брендімен теледидар, электрлі су жылытқыш, шаңсорғыш, ас үй пеші, ауасорғыш, кір жуатын машина, желдеткіш секілді тұрмыстық техника түрлерін қолданып отыр.

– Зауыт біздің отбасымыз үшін берекелі болды. Осы жерден мардымыз жалақы тауып, жағдайымызды жаппай жаттырдық. Шынымен еңбек еткенді көтереді. Кәсіпорынның келешегі әлі де зор. Өлемдік нарыққа шықты. Жұмысшыларға барлық жағдайды қарастырамын. Жоғары жалақы, үй мен жұмыс арасында автобуспен тасымалдау, тегін түскі ас, толық әлеуметтік пакет ұсынады. Тәжірибе толықтырып, білім арттырамын дегендерді арнайы оқытады. Онда да күнбе-күн жалақысы жүріп жатады. Зауытта әлі де бос жұмыс орындары бар, – дейді Мирас Қанатұлы.

«Silk Road Electronics» ЖШС ресми сайтында жұқ тасушы, логистика маманы, электрмонтер, жұқ көлігін жүргізуші, жұқ тиегіш көліктің жүргізушісі, эмбебап жұмысшы, тазалық маманы, слесарь, газ қазандығының операторы, сантехник, мекендер, метролог, техникалық бақылаушы, медбике секілді бос орынға хабарландыру тұр. Жұмыс жөнімен компанияның ресми сайтында көрсетілген мекенжайға баруға, сонда көрсетілген телефон нөміріне хабарласуға болады. Сондай-ақ, әлеуметтік желідегі парақшалары арқылы байланыс орнату мүмкіндігі де бар.

Сурет отбасы мұрағатынан алынды

Үлкен Бұқпа ТОЛЫҚ ТАЗАЛАНАДЫ



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСТЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қарағандыда Үлкен Бұқпа өзенінің арнасын санаңиялау жобасын іске асыру жұмысы жалғасып жатыр. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аталған жобаны іске асыруды одан әрі жалғастыру жөнінде арнайы кеңес өткізді.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Болжам бойынша, өзенде тазарту жұмыстары аяқталғаннан кейін саябақтағы су қоймасы таза сумен толтырылмақ. Бұдан бөлек, биыл орталық саябақ аумағында жергілікті су тазартуға арналған жобаның құрылысы басталуы тиіс.

Үлкен Бұқпаны санаңиялау жөніндегі ауыспалы жобаны биыл толығымен аяқтау жоспарланған.

Үлкен Бұқпаның жалпы ұзындығы – 17 шақырым. Тазарту жұмысы Костенко атындағы шахта учаскесі шекарасындағы өзеннің басынан бастап, Соқыр өзеніне құятын тұсына дейін толық жүргізіледі. Өзенді артық балшықтан, қоқыстан және бұталардан тазартумен қатар, түбін тереңдету және кеңейту де көзделген.

Ал, өзеннің саябақ аумағындағы ұзындығы шамамен 2,5 шақырымды құрайды. Аймақ басшысына былтыр өзеннің жер асты коллекторына жүргізілген тазарту жұмыстары туралы баяндалды. Тазалау барысында толып қалған қоқыс пен бітеліп қалған лайдың барлығын колмен шығаруға тура келген. Сонымен қатар, бақылауға арналған люктер де орнатылыпты.

– Жоба бойынша жергілікті тазарту құрылғылары көктемгі су тасқынында 14 күн жұмыс істеуі тиіс. Осы уақыт ішінде саябақтағы су қоймасына 168 текше метр таза су құйылады. Бұл – қоймадағы су-

дың үштен бір бөлігі ғана. Қазір бірінші қоймадағы су деңгейі төмендегендіктен, су екінші және үшінші бөлігіне түспейді. Егер өзімізде суды қысыммен беретін жергілікті тазарту құрылғылары орнатылса, онда жазда суды одан әрі беруге болады. Су қоймаларына келетін таза су көлемі артады және бұл олардың экологиялық жағдайын жақсартады, – деп түсіндірді «Гидро құрылыс» ЖШС-нің учаске басшысы Нұралы Қалиев.

Сонымен қатар, облыс әкімі мердігерлер өкілдерімен бірге өзен арнасы тазартылған көлдің Михайловка маңындағы бөлігіне де ат басын тіреді.

– Бүгін біз Үлкен Бұқпа өзенінің арнасын тазарту жұмыстарын тексердік. Екі жылдан бері осы жұмыспен белсенді түрде айналысып келеміз. Тұрғындар бұл мәселені көтерген еді. Жергілікті тазарту құрылғыларын орналастыруға арналған жерді қарап шықтық. Бұл – саябақ көлдеріне келетін суды тазарту үшін қажет. Саябақтағы көлдердің жағдайын да жан-жақты талқыладық. Өткен жылы қоқыстан тазарту басталды, жұмыс биыл да жалғасады. Қала әкімдігінің арнайы жоспары бар, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Жел қуаты ел қуатын еселейді



ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

Осакаров ауданының әкімі Руслан Нұрмұханбетов «Гиперборей» ЖШС инвесторларымен кездесіп, Сарыбелде жел электр станциясын салу жобасын жүзеге асыру барысында туындаған кейбір мәселелерді талқылады.

Ермек БАТТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осакаров ауданында жел электр станциясы мен жел турбиналары көрініс беруде. Өңірдегі алғашқы электр станциясын осы «Гиперборей» компаниясы салып жатыр. Оның қуаты 150 МВт болады деп шамаланады.

Станцияны салу үшін ең алдымен желдің тынымсыз және күшті соғатын орнын анықтау қажет болды. Оған біраз уақыт жұмсалды. Жалпы, жасыл энергетика нысанының құрылысын 2024 жылы бастау жоспарланған еді. Оны биыл, яғни 2025 жылы пайдалануға беру көзделген. Болашақта мұндай жел станцияларының саны артуы мүмкін. Өйткені, тағы екі станцияның жобасы әзірленуде.

Құрылыс алаңында қазір «Гиперборей» ЖШС-не қарасты 30 маман, мердігерлік кәсіпорындардан 148 адам үш ауысымда жұмыс істеуде. Олар құрылғыларды белгіленген жоспарға сай орнатады. Қазірдің өзінде 5 құрылғы іске қосылды. 2025 жылдың бірінші тоқсанында жобаның бірінші кезеңі аяқталып, 50 МВт қуат бере бастайды. Жобаның екінші кезеңі 2026 жылдың бірінші жарты жылдығында аяқталып, 100 МВт қуат беруге көшеді. Аграрлық өңірдің болашағы үшін бұл өте маңызды.

Аудан әкімшілігінде өткен кездесудің барысында тараптар жел электр станциясын салу кезінде туындаған мәселелер мен қиындықтарды анықтап, оларды шешу жолдарын талқылады.

Осакаров ауданы

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Жол талғамайтын көліктер берілді

Балқаш қаласының құтқару бөлімшесіне өтімділігі жоғары «Байкал» жол талғамайтын жаңа көліктің кілті табысталды. Сонымен қатар, Қарқаралы мен Осакаров ауданының құтқару қызметінің бөлімшесіне республикалық бюджет есебінен «Трэкол Вега» жол талғамайтын көлігі берілді. Аталған көліктер төтенше жағдай кезінде құтқару операцияларын жүргізуге және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектеспек.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарқаралы ауданының ТЖ бөлімінің бастығы Нұршат Қайыр үлкен дөңгелекті техникаларға ештеңе кедергі болмайтынын айтты.

– «Трэкол Вега» – бұл кез келген ауа райы жағдайында жолсыз жерлермен жүре алатын техника. Тіреулері үлкен арнайы шиналар көктемде батпаққа, қыста қарға

Өмірлік мәселенің өңірлік шешімдері

Облыс әкімдігінде өткен кезекті аппараттық жиында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының бірқатар мән берерлік мәселелері таразыланды. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев басқару жүйесіндегі кадрлық өзгерістер мен өңірде іске асырылып жатқан жобалар туралы баян етті. Күн тәртібіндегі басты тақырыптар қатарында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының нәтижелері, тұрғын үй мәселелерін шешу жолдары және қысқы кезеңде коммуналдық қызметтердің жұмысын ұйымдастыру жайтары мұқият қарастырылды. Келелі басқосуда аймақ тұрғындары үшін өзекті түйткілдерді шешуге бағытталған нақты шешімдер қабылданды.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСТЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа басшы – жаңа мақсат

Сонымен, Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы болып Төлеу Мұхтар тағайындалды. Бұған дейін ол осы басқармада басшының орынбасары болып жұмыс істеген.

Төлеу Мұхтар – Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының түлегі. Мемлекеттік қызметте сегіз жылдан астам еңбек етіп келеді. Бұған дейін облыстық Жастар саясаты мәселелері басқармасында бас маман болып қызмет атқарған. Облыстық дін істері басқармасының Конфессияаралық қатынастар проблемаларын талдау және зерттеу орталығын басқарды. 2018 жылдан бастап, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында жұмыс істеп келеді. 2019 жылдан бастап, басшының орынбасары қызметін атқарды.

«Тазалық – саулық кепілі»

Өндірісті өңірде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы 240 мыңнан астам адамды бір мақсатқа біріктірді. Бұл – санамалап келгенде халықтың төрттен бір бөлігін құрады. Мемлекет басшысының бастамасын 11 мыңға жуық кәсіпорын қолдады.

– «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясындағы негізгі жұмыс өткен жылдың сәуір айында басталған болатын. Осы уақыт аралығында оған 242 мың адам, 10 743 кәсіпорын қатысты. 1433 бірлік техника жұмылдырылып, рұқсат етілмеген 643 қоқыс алаңы жойылып, 200 мың тонна қоқыс үйіндісі шығарылған. 273 саябақ пен гүлзар, 441 тарихи-мәдени ескерткіштің аумағы ретке келтірілді. 154 288 ағаш, 7720 бұта егілді. 125 су қоймасының аумағы тазартылды. 45 субұрқак жөнделді, – деп баяндады энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Ұлан Ермеков.

«Таза Қазақстанды» ілгерілетуге «Жасыл ел» еңбек жасақтарының сарбаздары өз үлестерін қосқан. Ал, санитарлық нормаларды бұзушы жандарға 1200-ден астам айыппұл, 10 700 ескерту рәсімделді. Өткен жылдың маусым айынан бастап «Таза Қазақстан» телеграм-боты жұмыс істейді. Тұрғындар бұл платформаға өзекті сауалдарын қолдай алады. Қазіргі уақытта 819 өтініш келіп түсіп, сап баысында жайттарға жедел шаралар қабылданды.

Қазір қыс айларында қарды уақытты тазалау қажет. Өткен аптада 7200 тонна қар шығарылған көрінеді. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев «Таза Қазақстан» бір реттік акция емес, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға арналған ұлттық

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» акциясына

облыста 242 мың адам, 10 743 кәсіпорын қатысты

1433 бірлік техника жұмылдырылды

200 мың тонна қоқыс үйіндісі шығарылды

273 саябақ пен гүлзар, 441 тарихи-мәдени ескерткіштің аумағы ретке келтірілді

154 288 ағаш, 7720 бұта егілді

Инфографика жасаған А.Костина

қозғалыс екенін атап өтті.

– Жалпы, Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасына облыс тұрғындары зор қолдау көрсетті. Ең алдымен өзімізден бастауымыз керек, экологиялық сананы мектепке дейінгі жастан бастап қалыптастыру керек. Барлық жерде тазалық пен тәртіп болуы тиіс! Биыл қалаларымыз бен ауылдарымыз таза әрі әдемі болуы үшін бірлесіп жұмысты күшейтеміз, – деп атап өтті өңір басшысы.

Қыс түсімен қаладағы орамшілік жолдарды қар алып қалып жататыны жасырын емес. Кей-кейде үй арасымен қарапайым жедел жәрдем көлігінің әрі-бері өте алмай жатқандығының куәгері болып жатамыз. Аталған түйткілге қатысты осы жолдардың авторы облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Ұлан Ермековке қарата сауал жолдады. Тосыннан қойылған сауалдың мәнін Ұлан Мұратұлының демде түсінбегенін аңғарған аймақ басшысы аулашілік жолдарды пәтер иелерінің кооперативі немесе мүлік иелері кооперативінің өкілдерімен бірлесіп атқарылатын іс екендігін айқындап өтті. «Ал, орамшілік жолдар тазалану керек! Бұл мәселе өңірдің өзге шаһарларында да кезігіп жатады», – деп баса белгіледі Ермағанбет Бөлекпаев. Сөз соңында өңір басшысы салалық басқармалар басшылары мен, облыстық полиция департаментінің өкілдеріне мәселені бақылауға алып, осы бағытта атқарылып жатқан жұмыс есебін ұсынуды тапсырды.

30 жылдық мәселе оңтайлы шешілді

Кезегі келгенде Тұрғын үй қорын жаңғырту орталығының басшысы жұмыс нәтижелері туралы есеп берді. Мамандандырылған ұйым шатыры мен коммуникациясы тозған, лифтілері жұмыс істемейтін, бірақ жөндеуге өз қаражаты жетпейтін үйлердің тұрғындарына жәрдем көрсету мақсатында құрылған. Тиімді

тұсы, орталық арқылы 15 жылға дейін пайызсыз несие алуға болады. Мәселен, өткен жылы нақты кімге қандай көмек көрсетілгені туралы аппарат отырысында орталық директоры Данияр Дүйсембаев баяндады.

Мысал үшін, Қарағандының Шахтерский кентінде 30 жыл бойы орталық жылу жүйесі болмаған, 30 көпқабатты үйдің ішкі құбырлары қалпына келтірілді. Биыл тағы 29 үйді іске қосу жоспарланып отыр. Құрыш қала Теміртаудағы көпқабатты үйлерде 10-ға тарта лифт ауыстырылды. Қарағанды, Абай және Теміртаудағы төрт көп қабатты үйге күрделі жөндеу жүргізілді. Бұдан басқа, Қарағанды мен Теміртаудың 315 жекеменшік үйлерінің иелері бөліп төлеу арқылы газға қосыла алды. Бағдарламаға қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісу үшін аппараттық кеңеске шақырылды.

– Біздің үй 1980 жылы салынған. Шиферден жасалған шатырдың тозығы өлден жеткен еді. Оны шамамыз жеткенше өз күшімізбен жөндеу жұмыстарын жасадық. Өз үйімізді қараусыз қалдырмадық. Осындай бағдарлама бар екенін білгеннен кейін ПИК төрағасының кеңесімен Тұрғын үй қорын жаңғырту орталығына жүгіндік. Өтініміміз мақұлданды. Нәтижесінде біз шатырды, жөртөлені жөндедік. Кіреберістерде жылыту қалпына келтіріліп, пластикалық терезелер орнатылды. Енді пәтерлер де, кіреберістер де жылыды. 15 жылға бөліп төлегендіктен, бұл соманы қалтамыз көтере алды: менің 3 бөлмелі пәтерімнен айына 7600 теңге алады. Бұл ақша өзін-өзі ақтайды. Оның үстіне бізде қазір бәрі жөндеген. Кіреберістерге біз өзіміз жөндеу жүргіздік. Енді біздің үй жылы да жайлы, – деді Теміртау қаласының тұрғыны Марина Зайцева.

Ол басқаларды да өз үйінің тұрғындарынан үлгі алуға шақырды. Ал, Қарағанды қаласының тұрғыны Серік Мұхметов жұмыс істемейтін лифт мәселесімен облыс әкімінің қабылдауында болған. Кейін Тұрғын үй қорын

жаңғырту орталығына жүгінуге бел буды.

– Біз тұратын тоғыз қабатты үйде лифт 30 жыл бойы жұмыс істемей тұр. Қазіргі уақытта жұмыс аяқталуға жақын. Ақпан айында жаңа лифтімен көтерілеміз. Көршілердің бәрі дән риза. Осындай бағдарламаның болғаны қандай жақсы, – деп бөлісті Серік Мұхметов.

Күмісай Жүнісова Шахтерский тұрғындары атынан көпжылдық проблемаларын шешуге нақты көмек көрсетілгені үшін алғыс айтты.

– Қосылу шарттары өте қолайлы болды. 15 жылға бөліп төлеу кезінде пәтерден ай сайынғы төлем 5 мыңнан 10 мың теңгеге дейін құрайды. Бұл орталық жылуға қол жеткізуімізге тың мүмкіндік берді. Біздің өміріміз шынымен де жайлы бола түсті, – деп атап өтті Күмісай Жүнісова.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев қала және аудан әкімдеріне тұрғындармен жиында коммуналдық сала мәселесін шешу жолдары туралы айтып, бағдарламаның шарттарын егжей-тегжейлі түсіндіруді тапсырды.

Ермағанбет Бөлекпаевтың жетекшілігімен өткен облыс әкімдігінің кезекті отырысы көптеген өзекті мәселелердің шешіміне жол ашты. Әлеуметтік даму мен экологиялық мәдениет қалыптастыруда жаңа мүмкіндіктер барын аңғарған аймақ тұрғындары, бірлескен күш-жігердің арқасында өмір сүру сапасын жақсартуға болатынына көз жеткізді. Аппараттық жиыннан түйгеніміз – әрбір бастама, әрбір өзгеріс халықтың игілігі үшін жасалып жатқандығы дер едік. Облыс басшысы алдағы уақытта да тұрғындармен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп, ортақ мақсаттарға қол жеткізуге күш салатындығына назар аударды. Бұл өмірмен өзгерістер мен жетістіктер – әрбір қарағандылықтың өз үйін таза, жайлы әрі заманауи етуге деген ұмтылысының көрінісі.

Сонымен қатар, Нұра ауданының төтенше жағдайлар бөліміне де «Трэкол Вега» жол талғамайтын көлігі, Ақтоғай ауданына «Нива Марш Бронто» автокөлігі берілді.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан



• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Әлеуметтік қолдау кемімейді

2024 жылы облыстық және республикалық бюджеттерден әлеуметтік салаға 20 млрд 028 млн бағытталды. Халықты жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында өткен жылы Өңірлік жұмыспен қамту картасы бекітілді. Оған сәйкес 55 мыңнан астам адам жұмыспен қамту шараларымен қамтылды.

50 мыңға жуық адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде, жеке бастамалар аясында 14 529 жұмыс орны, іске асырылып жатқан Ұлттық жобалар мен тұжырымдама шеңберінде 4 559 жұмыс орны құрылды. Әлеуметтік осал топтардың бизнес-идеяларын іске асыру үшін 400 АЕК көлемінде 178 грант берілді. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне 2 025 адам оқытылды. Қысқа мерзімді курстарға 506 адам жіберілді. Ал, Skills Enbek платформасы арқылы 2 746 адам оқытылды.

Облыста 2024 жылдың маусым айынан бастап «JUMYS TAP» жобасы іске қосылды. Жоба аясында оқуын аяқтап, 339 адам сертификат алды. Оқыту бес колледжде, 28 мамандық бойынша жүргізілді. Оқыту ұзақтығы мамандығына қарай 5 күннен 1 айға дейін.

Былтыр арнайы жұмыс орнын жарақтандыру және мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша жұмыс берушілерді ынталандыру үшін кәсіпорындарда жалақысын субсидиялай отырып, 13 арнайы жұмыс орны құрылды.

Бұдан басқа, мүгедектігі бар адамдар мен оларға күтім жасайтындар үшін облыста 2024 жылдан бастап Террикон алқабы базасында IT саласынан мамандықтарды оқыту бойынша жаңа жоба іске асырылуда. Жоба аясында үш жыл ішінде 300-ден астам адам оқытылады. Өткен жылы 110 адам оқудан өтті, қазіргі уақытта 13 адам IT мамандарын даярлау студиясында тәжірибеден өтуде. Сабақтарды цифрлық сала мамандарын оқытуда тәжірибесі бар халықаралық технопарктердің сертификатталған мамандары жүргізеді (онлайн және офлайн режимде).

Өңіраралық еңбек ұтқырлығы шеңберінде 2024 жылы облысқа 43 адам қоныс аударды. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 134 бос орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Оларға 1 735 жұмыс беруші қатысты, 689 адам жұмысқа орналастырылды. Жұмыспен қамту механизмдерін түсіндіру мақсатында мобильді топ 457 рет шара ұйымдастырды. Тұрақты негізде жұмыссыз тұрғындармен БАҚ, әлеуметтік желілер арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Жалпы жұмыспен қамту бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар жұмыссыздық деңгейін – 4,1% деңгейінде сақтауға мүмкіндік берді. Бұл республикалық көрсеткіштен 0,5%-ға төмен.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар» жылы деп жариялады. Жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру, оларды жастар арасында танымал ету және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту мақсатында жұмысшы кәсіптер жылын өткізу жөніндегі облыстық жоспар бекітілді. Ол бойынша жұмыс берушілердің қатысуымен жоғары оқу орындары мен колледждер базасында бос орындар жәрмеңкелерін, азаматтардың барлық санаттарын жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша Ашық есік күндерін өткізу, түлектер үшін кәсіпо-

рындарға экскурсиялар ұйымдастыру жоспарланған.

Биылдан бастап зейнеткерлік жастағы адамдар үшін «Алтын жас» жаңа жобасы іске асырылуда. Оған облыста тұратын және тіркелген жасына байланысты зейнеткерлер қатыса алады. Қатысу мерзімі 24 айдан аспайды. Жоба аясында кемі мың адам қамтылмақ. Жалақы белгіленген жалақы мөлшерінің 50% мөлшерінде, бірақ бір ең төменгі жалақыдан аспайтын мөлшерде субсидияланады.

Аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қолдау мәселесінде де үлкен жұмыс жүргізілуде. Жыл сайын біз аз қамтылған азаматтар санының азайғанын байқаймыз. Бұл олардың жұмыспен қамту шараларына қатысуына және табыстың артуына байланысты.

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыста 1 417 аз қамтылған отбасы немесе 6 613 адам 619,1 млн теңгеге атаулы әлеуметтік көмек алды. Бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 31%-ға аз. Былтыр бұл кезеңде аз қамтылған 9 640 адам болған. Халықтың кедейлік деңгейі 3,3%-ды құрады. Бұдан басқа, коммуналдық қызметтерге арналған шығыстарды төлеу бойынша шығындарды ішінара өтеу үшін тұрғын үй көмегін төлеу жүзеге асырылады. Есепті кезеңде аталған мемлекеттік қолдау 2 820 отбасыға көрсетілді, оған 46,6 млн теңге бөлінді.

Облыста көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға заңгерлік, әлеуметтік, психологиялық көмек көрсету мақсатында отбасын қолдау орталықтары жұмыс істейді. Өткен жылы 9 688 адамға 10 679 түрлі қызмет көрсетілді. Биыл тағы екі орталықтың ашылуы жоспарланған.

Әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі – ерекше қажеттіліктері бар адамдардың проблемаларын шешу. Облыста мүгедектігі бар 55 мыңнан астам адам тұрады. Бұл облыс халқының 4,9%-ы. Мүгедектігі бар адамдарды оналту құралдарымен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету республикалық, облыстық, жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Былтыр бюджеттен 9,4 млрд теңге бөлінді. Жыл қорытындысы бойынша мүгедектігі бар адамдарды қамтамасыз ету – 95,1%.

Мүгедектігі бар адамдар 2021 жылдан бастап әлеуметтік қызметтер порталы арқылы оналту-дық техникалық құралдарына тапсырыс береді. 2023 жылы мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 35 337-ден астам тапсырысты жүзеге асырды. Әлеуметтік және көлік инфрақұрылымының 210 нысаны бейімделді.

Инватаси қызметі облыстың барлық өңірінде 120 автокөлікпен тегін көлік қызметін көрсетеді, оның 15-сі арнайы көтергіш құрылғылармен жабдықталған. Былтыр Инватаси қызметімен 2 218 адам қамтылды, оның ішінде, 800 мүгедектігі бар бала аталған көмекке көл жеткізді.



Азаматтық қоғаммен тығыз қарым-қатынас жасау мақсатында облыстың барлық қалалары мен аудандарында мүгедектігі бар адамдардың істері бойынша әкімдердің кеңесшілері тағайындалды.

Бүгінгі таңда облыста тоғыз ҮОС ардагері, оларға теңестірілген 2 067 адам, 3 067 тұлға еңбеккері тұрады. 2024 жылы облыстың қалалары мен аудандарының бюджеттерінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ұсынымына сәйкес біржолғы материалдық төлем жүзеге асырылды. Мәселен, соғыс ардагерлеріне 2 млн теңге, концлагерьлердің көмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына, жалдамалы құрамдағы адамдарға, Ленинград қаласында блокада кезінде жұмыс істеген азаматтарға 200 мың теңгеден, тыл еңбеккерлеріне 100 мың теңге, ҮОС жылдарында қаза тапқандардың жесірлеріне 50 мың теңгеден берілді.

204 ардагер Түркістан облысының «Ақсу Демі» санаторийінде дем алды. Оған 52,2 млн теңге бөлінді. Былтыр қоларбаларды жөндеу жобасы іске асырылып, нәтижесінде 300 қоларба жөнделді.

Халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде басқарма «Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе ұзарту», «Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту» мемлекеттік қызметтерін көрсетеді. 2024 жылы Қандас мәртебесін 530 адам алды, шетелдік жұмыс күшін тартуға 316 рұқсат берілді. Сонымен қатар, пана ізлеуші ретінде 10 адам тіркелді.

Басқарма өткен жылды қорытындылап, 2025 жылға жаңа міндеттер қойып отыр. Жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша жұмыстар жалғасын табады.

Төлеу МҰХТАР,
Қарағанды облыстық жұмыспен қамтуды
үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасының басшысы

Өңір спорты өркендеп келеді

Бұқаралық спортты және қажетті инфрақұрылымды дамыту үшін облыста жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Оны төрт индикатор бойынша бағалауға болады. Жалпы халықтың 1000 адамға шаққандағы спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі 66,6%-ға жетті (2025 жылға арналған жоспар – 67,2%, республикалық көрсеткіш – 54%). Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтардың үлесі облыста 39%-ға жетті.

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға қабілеті бар мүмкіндігі шектеулі жандар санынан дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын ерекше қажеттілігі бар тұрғындардың үлесі 18%-ға көтерілді (2025 жылға арналған жоспар – 19%, республикалық көрсеткіш – 18%).

Дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын балалар мен жасөспірімдердің үлесі (3-18 жас) 29%-ды құрайды (2025 жылға арналған жоспар – 30%, республикалық көрсеткіш – 30%).

Мәселен, 2024 жылы қалалар мен аудандарда 3 648 спорттық-бұқаралық іс-шара өтті. Оған 219 573 адам қатысты (ауылдық жерлерде – 114 872 тұрғынды қамтитын 1 478 жарыс).

Облыста 442 мыңнан астам адам қамтылған 1259 спорт ұйымы жұмыс істейді. 39 спорт мектебі бар. Мектептерде 27 762 бала спортпен тегін айналысады. Жалпы білім беретін мектептерде – 4 197 (68 050 бала), колледждерде – 205 (14 595 адам), жоғары оқу орындарында – 14 237 спорт секциясы бар.

Халықты спортпен жүйелі түрде шұғылдануға тарту үшін облыста 352 нұсқаушы жұмыс істейді.

«Спорт спорты» мемлекеттік спорттық тапсырысын іске асыру шеңберінде, облыста 8 982 бала мен жасөспірім 205 секцияда спорттың 25 түрі бойынша тегін жаттығады (оның ішінде ауылдық аудандарда 1 126 адам).

Жыл сайын Қарағанды өңірінде жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешендері ашылып, спорт алаңдары мен әмбебап спорт орнатылады.

2024 жылы төрт ДШСК пайдалануға берілді. Абай ауданының Топар кентінде, Бұқар жырау ауданының Қарақұдық ауылында, Ақтоғай ауданының Сарышаған кентінде және Бұқар жырау ауданы Мұстафин кентінде орналасқан.

Биыл ашылуы жоспарланған тағы төрт ірі спорт нысаны салынууда. Приозерск қаласында 210, Ақтас кентінде 150, Қарқаралы ауданының Қарағайлы кентінде 100 орындық дене шынықтыру және сауықтыру кешені ашылмақ.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында, ағымдағы жылы Бұқар жырау ауданының Ку-



шоқы кентінде және Қарқаралы ауданының Көктас кентінде тағы екі дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысын бастау жоспарланады.

Былтыр өңірде 42 алаң, 6 корт орнатылды. Жалпы сомасы 697,8 млн. теңгеге 12 спорт мектебінде жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Қарағанды облысында мүгедектер спортына көп көңіл бөлінеді. Ұлттық құрамада 105 ерекше спортшымыз бар. Мектептерде мүгедектік спорты бойынша тірек-қимыл аппараты жабдықталған, есту және көру қабілеті нашар 430 адам (оның ішінде 193 бала) айналысады.

2024 жылы 237 спортшы республикалық 30 жарысқа қатысты. Спортшылар 209 медаль (140 алтын, 38 күміс, 31 қола) жеңіп алды. Халықаралық біріншіліктерге 38 спортшы қатысып, 46 медаль салды қоржынға.

2024 жылдың ең маңызды жетістігі – біздің спортшылардың Парижде өткен XVII жазғы Па-

ралимпиада ойындарындағы жеңістері. Дастан Мұқашбеков ядро лақтырудан қола медаль жеңіп алды. Даяна Федосова парадюродан қолаға кол жеткізді.

2022 жылдан бастап облыста Даун синдромы бар және психикалық дамуы тежелген балаларды жүзеге үйрету бойынша пилоттық жоба іске асырылуда. Бес қалада (Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай қалалары) 200 ерекше бала жүзумен айналысады. Сондай-ақ, 2024 жылы жеңіл атлетикадан Қарағанды мен Теміртауда 40 адам қамтылған жаңа жоба іске асырылды.

Ұлттық спорт түрлерінің танымалдығы жастар арасында артып келеді. Облыста 11 түрі (тоғызқұмалақ, саятшылық, бөйге, жекпе-жек, казак күресі, асық ату, теңге алу, аударыспақ, көкпар, жамбы ату, дәстүрлі садақ ату) дамытылады. 35 975 адам ұлттық спорт түрлерімен шұғылданады. Қазақстан Ұлттық құрамасында 36 спортшымыз бар. 2024 жылы 4 285 адам қамтылған 42 облыстық жарыс өткізілді. 2021 жылдан бастап Ұлттық спорт түрлері бойынша қауымдастық жұмыс істейді. 2023 жылдың басынан бастап облыста «Көкпар» спорт клубы, «Тұран-Ел» ұлттық спорт түрлері орталығы (Үштөбе ауылы, Бұқар жырау ауданы) жұмыс істейді.

Аңсаған Қожанәсіп (тоғызқұмалақ, овар) және Ажар Салықова (кураш) көшпенділердің Бүкіләлемдік ойындарында медаль жеңіп алды. Төлепберген Қайырғали мен Еламан Хуанбай казак күресінде Әлем Кубогының жүлдегерлері атанды. Асылхан Қожанәсіп пен Аңсаған Қожанәсіп және Жаксылық Рахымжан тоғызқұмалақтан Әлем чемпионатында медаль алды.

2024 жылы Қарағанды өңірінің 35 967 спортшысы түрлі дәрежедегі 966 жарысқа қатысып, 16 725 медаль жеңіп алды. Біз жерлестеріміздің жеңістерімен мақтанамыз! Наргиза Болатованың синхронды жүзуден және Артем Антроповтың ауыр атлетикадан әлем чемпионаттарында жеңіп алған тарихи алтын марапаттарын ерекше атап өткім келеді. Алда маңызды жаңа бастамалар тұр. Біз спортшыларымыздан жеңіс күтеміз. Сондықтан, 2025 жыл Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы үшін «Сарыарқаны спорттық өңір етеміз!» жаңа ұранымен өтеді.

Серік СӘПШЕВ,
Қарағанды облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы

Темірболат Мәжитұлы МӘЖИТОВ

Ардақты азамат, қоғам қайраткері Темірболат Мәжитұлы Мәжитов өмірден өтті.



Темірболат Мәжитұлы Мәжитов 1952 жылы 18 наурызда Семей облысының Абыралы ауданында туған.

Ол Саратов мемлекеттік зооветеринария институтын бітіргеннен кейін еңбек жолын Қарағанды облысы Егіндібұлақ ауданы Қоянды кеңшарының бөлімшесінде зоотехник болып бастады. Кейін аға зоотехник, бас зоотехник болып еңбек етті.

1977-1987 жж. Егіндібұлақ ауданы, «Арқалық» кеңшарының директоры, Егіндібұлақ ауданының әкімшілік басшысының бірінші орынбасары, Қарқаралы ауданының әкімі болып еңбек етті.

Кәсіпорын мен аудандардың басшысы ретінде Т.М.Мәжитов ауыл шаруашылығының өндірісін ұйымдастыру, ауданды көркейту бойынша орасан жұмыстар атқарды. Халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге ерекше назар аударды. Оның тікелей жетекшілігімен алпақ орналасқан ауылдарға жолдар салу, елдімекендерге су құбырларын тарту, оларды жарықпен қамтамасыз ету, ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі озық технологияларды енгізу жұмыстары жүзеге асырылды.

1997-2010 жж. – Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, 2010-2011 жж. – «Агроконсалтинг-К» акционерлік қоғамы департаментінің директоры, 2011-2013 жж. – «Қазақстан өнеркәсіп корпорациясы» ЖШС бас директорының орынбасары, 2013-2015 жж. – «АҚҰМ-2030» ЖШС директоры, 2015 жылдан 2023 жылға дейін – «Ауыл» партиясы Қарағанды өңірлік филиалы төрағасының орынбасары қызметін абыроймен атқарды.

2023 жылы Қарағанды қаласының ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары болып сайланды.

Т.М.Мәжитов өндірістік қызметті қоғамдық жұмыспен белсенді үйлестірді. «Ауыл» партиясының Қарағанды облысы бойынша филиалы төрағасының орынбасары ретінде ҚР Парламенті мен жергілікті өкілдік органдарға 2016 жылғы сайлауалды науқанына белсенді қатысты. 2019 жылы ҚР Президентігіне кандидаттың аймақтық сайлауалды штабын басқарды.

2020-2023 жылдары Парламент және жергілікті мәслихат депутаттары сайлау науқанына белсенді түрде атсалысты.

Партиялық тапсырмаларды орындауға жауапкершілікпен қарап, партия шешімдерін насихаттау жөніндегі іс-шараларды белсенді жүргізді. «Ауыл» партиясының аймақтағы ролін арттыру, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу, партия қатарына жаңа мүшелерді тарту бойынша үлкен еңбек атқарады.

Т.М.Мәжитов өндірістік және қоғамдық пен партиялық жұмыстың барлық сенім білдірілген уәкелелерінде өзін жоғары ұйымдастырушылық қабілеті бар жоғары білікті маман ретінде танытты, сондай-ақ өндірістік міндеттерді табысты орындауға және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге септігін тигізетін белсенді азаматтық бағдарды ұстанды.

Жоғары кәсіби қасиеттері, аймақ экономикасының индустриялық-инновациялық дамуына қосқан жеке үлесі үшін Т.М.Мәжитов 1982 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2016 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет Грамотасымен, ал 2022 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталған.

Ауыл шаруашылығы саласының майталманы, мемлекеттік қызмет ардагері, ардақты азамат, еңбек ұйымдастырушы Темірболат Мәжитұлының елдік мұрат жолындағы ерен еңбегі мен жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

Е.БӨЛЕКПАЕВ, Н.КОБЖАНОВ, А.ТАЙЖАНОВ, Е.АЛПЫСОВ, Б.АСАНОВ, Ә.ӘЛДЕНЕЙ, О.ТАУРБЕКОВ, Е.ҒАЛИЕВ, Н.БИКЕНОВ, С.МУСИН, Е.АЙМАҒАМБЕТОВ, Р.ОМАРБЕКОВА, Ғ.ТҮЯҚОВ, С. ӘДЕКЕНОВ, Н.ОМАРХАНОВ

Темірболат Мәжитұлы МӘЖИТОВ

Мемлекеттік қызмет ардагері, Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы, саналы ғұмырын халықтың игілігіне арнаған Темірболат Мәжитұлы 73 жасқа қараған шағында өмірден озыды.



Темірболат Мәжитұлы Семей облысы, Абыралы ауданында 1952 жылы 18 наурызда өмірге келген. Саратов мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын 1972 жылы зоотехник мамандығы бойынша бітірген соң, еңбек жолын Егіндібұлақ ауданының ауыл шаруашылығы басқармасында аға зоотехник болып бастаған.

Еңбек сапында жауапкершілігімен, біліктілігімен ерекшеленген жас азаматтың басшылық 1977 жылы «Арқалық» совхозының директоры етіп тағайындалды. Осы лауазымда табан аудармай, он жыл қажырлы еңбек еткен жас басты совхоздың дамуына, ауыл шаруашылығының алға басуына, жоспарлы жұмыстардың жүйелі атқарылуына елеулі еңбек сіңірді. Қайнаған еңбектің ортасында шыңдалып, мол тәжірибе жинақтаған Темірболат Мәжитұлы қызметте жоғарылап, 1987-1992 жылдары Егіндібұлақ аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының төрағасы болып қызмет етті. Ал 1992-1993 жылдары Егіндібұлақ ауданы әкімінің бірінші орынбасары болды.

Осындай жауапты лауазымдарды атқарып, ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілеттерімен танылған, тәжірибелі де талабы күшті азамат 1993-1995 жылдары Қарқаралы ауданы әкімшілігінің басшысы, одан кейін 1997 жылға дейін ауданның әкімі болып қажырлы еңбек етті. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жауапты кезеңдерде аудан экономикасы мен әлеуметтік өмірін тұрақты ұстауға қалтқысыз қызмет етіп, белгіленген маңызды межелерді орындауға күш-қайратын жұмсап, еңбек сіңірді. Аудандық деңгейдегі биік лауазымдық қызметтерді лайықты атқарып, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының орынбасары болып жоғарылады.

Темірболат Мәжитұлының өңірімізді дамытуға бағытталған табанды еңбегі еленіп, 1982 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 1984 жылы «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталып, 1997 жылы «Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы» атанды. ҚР Президентінің Алғыс хатымен, ҚР Ауыл шаруашылығы Министрлігінің Құрмет грамотасымен және «Құрмет» орденімен марапатталған.

Ұзақ жылғы еңбек жолын мемлекеттік қызмет сапында өткеріп, ел мен жердің көркеюіне, өңіріміздің өркендеуіне арнаған, халқына жақын, ортасына сыйлы Темірболат Мәжитұлының жарқын бейнесі жадымызда сақталып, ғибратты ғұмыры жас ұрпаққа үлгі-өнеге болып қалатыны анық.

Ә.АРҒЫНОВ, С.ОСПАНОВ, Д.ОМАРОВ, Б.ТОҚМҰРЗИН, Д.ЖИЕНБӘЕВ, Ш.ШӨРІП, А.АПЕНДИНА, О.ЖҮКІБАЕВ

«Ауыл» партиясы Қарағанды облысы бойынша филиалы еңбек және мемлекеттік қызмет ардагері, «Ауыл» партиясының белсенді мүшесі

Темірболат Мәжитұлы МӘЖИТОВТИҢ қайтыс болуына байланысты марқұмының отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

• СҮЙІНШІ!

Алтын алған арулар

Қарағандылық Эльмира Сыздықова мен Гүлдана Бекеш еркін күрестен Францияда өтіп жатқан Анри Деглан атындағы турнирде жеңіске жетті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ниццада өткен жарыста Эльмира Сыздықова 76 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде, ал Гүлдана Бекеш 59 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде бақ сынаған болатын. Екі спортшы да барлық кезеңдегі қарсыластарын айқын басымдылықпен жеңіп, турнирдің алтын медалін жеңіп алды.

Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылы Гүлдана Бекеш Азия жастар чемпионатының қола жүлдегері атанған. Эльмира Сыздықова да ересектер арасындағы құрлықтық біріншілікте үшінші орын иеленді. Спортшыларды Владислав Сутормин мен Еркем Әбділдин жаттықтырады.



Анри Деглан – грек-рим стиліндегі Француз балуаны, 1924 жылғы Олимпиада чемпионы. Оны еске алуға арналған халықаралық турнир дәстүрлі түрде Ниццада өтеді.

• ҰЛТТЫҚ ӨНЕР

«Сарыарқа» мектебінің салтанаты

Арқада жастар арасындағы жыршылық дәстүр мен терме өнері қарқынды дамып келеді. Асыл мұраны жаңғыртудағы ерекше оқиға – жас таланттардың талабының ұшталуына, сахнаға шығып, танылуына үлкен жол ашқан «Сарыарқа айтыс ақындары» мен «Сарыарқа жыршы-термешілер» мектебінің ашылуы болды.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өнерлі жастардың жылды қорытындылаған кеші облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен жүзеге асты. Кеште жиырма екі шәкірт өнер көрсетті.

Бұл мектепте Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Сержан Мұсайын, Дәуренбек Әркенов, айтыс ақтангері Дидар Қами, айтыскер ақын Нұрсұлтан Рымбай сабақ береді. Барлық жағдайда ұстаздардың сапалы білім беруі мен талантты шәкірттердің талабының ұшталуын жіті қадағалай-

мын. Нәтижесі де жаман болған жоқ. Сегіз жастан бастап, он сегізге дейінгі ұл-қыздар сегіз жұл болып, сахнаға шығып, айтыстың көркін қыздырып, тамаша өнер көрсетті. Үздік бес ақынға домбыра сыйға тартылды, – деп атап өтті Айтбай Жұмағұл.

Кеште «Алтын домбыра» иегері Мақсат Аханов жырдан шашу шашып, жас ақындарға батасын берді. Бұқар жыраудың толғаулары, Доскей ақынның «Кенесары» дастаны, Иманжүсіптің толғауы, Майлықожа мен Нұртуғанның термесі, Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы», Жәнібек Көрменовтің «Жігіттерге өсиет» секіл-

ді толғау, дастан, жыр, термелер тыңдарманның құлақ құрышын қандырды.

Астанадан арнайы келген Қазақ Ұлттық Өнер университетінің профессоры, жыршы Ерболат Шалдыбеков халыққа Жамбылдың жырын айтып, жас жыршы-термешілердің сұрауымен шеберлігін ортаға салды.

Айта кеткен жөн, өткен жылғы тамыз айында ашылған мектепке бүгінде 50-ге жуық жас өрен келіп, талаптарын ұштады. Өнерлі балалардың ата-аналарының игілікті жоба жалғасын тапса деген тілегі бар.

Сурет ұйымдастырушылардан

• БАСКЕТБОЛ

Шеберлік еңбекпен шындалады

Щучинск қаласында баскетболдан 2012 жылы туған және одан кіші жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионаты өтті. Еліміздің түпкір-түпкірінен тоғыз команда қатысқан додандан Қарағанды облысының құрамасы үшінші орынды иеленді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Барлық ойынның қорытынды нәтижесі бойынша қола медальға ие болған жерлестерімізді сәтті өнер көрсетті деуге болады. Өйткені, былтырғы чемпионатта облыс командасы турнирлік кестенің соңғы сатысында болғанын ескерсек, биылғы нәтиже көз қуантады. Демек, дайындық жақсы, ынта бар. Қарағандылық Жандос Әубә-

кіров «Чемпионаттың үздік ойыншысы» деп танылғанын айрықша атап өту керек.

Аймақ құрамасында барлығы 12 ойыншы бар. Олардың алтауы – Шахтинск, екеуі – Абай және төртеуі – Қарағанды қаласының баскетболшылары.

Соңғы бір жылда өте жақсы нәтижеге қол жеткіздік. Бұл – жаттықтырушылар мен команданың бірлескен тынымсыз еңбегінің жемісі. Облыстың аға жаттықты-

рушысы ретінде өңірдің барлық бапкерін біріктіріп, әрбір жас санатына өзінің аға жаттықтырушысы бекітілген жүйе құрдым. Әр жас санатына жауапты бапкер өз шәкірттеріне жеке жаттығулар арқылы қабілетін шыңдауға күш салды. Жекелей сөйлесіп, әдіс-тәсілдерді пысықтап, бойына сіңірді. Командалық жұмыстың артықшылығын мұқият түсіндірді. Бұл жүйе жұмысты өнімді етіп, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге жол ашты, – деп атап өтті Қарағанды облысының баскетбол спортынан аға жаттықтырушысы Дастан Аяпбек.

Былыр қараша айында облыс-

Универсиада жүлдесінен үміттіміз

Италияның Турин қаласында өтіп жатқан XXXII Дүниежүзілік қысқы Универсиада басталғанына да бір апта уақыт өтті. Алғашқы күндері ел құрамасы жалпы командалық есепте үздік үштіктің қатарында еді. Апта соңына қарай VIII сатыға сырғыды. Қоржында әзірге үш алтын, төрт күміс және төрт қола жүлде бар. Универсиада ойындарында құрама команда сапында бақ сынап жатқан қарағандылықтар да бар.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Хоккейден Қазақстан құрамасының ерлер командасы биылғы универсиада ойындарын сәтті бастаған болатын. Топтық кездесудің алғашқы ойыны Швеция құрамасына қарсы өтті. Нәтижесінде, отандастарымыз қарсыластарын 2:9 есебімен ойсырата жеңді. Екінші ойында Оңтүстік Корея құрамасын 7:1 есебімен тізе бүктірді. Алайда, топтық кезеңдегі соңғы екі ойынында қарсыластарынан айласын асыра алмады. Канадалықтармен ойынның негізгі бөлігінде тең ойнап, соңғы «Булит» айналымында есе жіберді. Одан бөлек, чехиялықтардан да 1:3 есебімен жеңіліп қалды. Десе де, топтық кезеңде жеті ұпаймен үшінші болып плей-офф кезеңіне жолдама алған еді. Алайда, бұл кезеңде Словакия құрамасынан айласын асыра алмады. Енді отандастарымыз V орын үшін Чехия құрамасымен ойнайды.

Биылғы универсиада хоккейден ерлер құрамасы үшін ең сәтсіз маусымның бірі болды. Олай дейтініміз, бүкіләлемдік студенттер ойындарында Қазақстан енісіне бір алтын (1995), төрт күміс (1993, 2013, 2015, 2017) және екі қола (2007, 2023) жүлде салған еді. Биыл отандастарымыз жүлделі орынға ілікпеді.

Ал, хоккейден әйелдер арасындағы бәсекеде ел құрамасының командасы топтық кезеңде ұпай ала алмады. Алайда, жұбаныш кездесуінде Тайвань құрамасынан басым түсті. Кейін V орын үшін тартыста АҚШ құрама командасынан жеңіліп қалды. Нәтижесінде, әйелдер құрамасы қысқы универсиада VI орынмен тәмамдады.

Айта кетейік, хоккейден әйелдер құрамасының сапында қа-



Шаңғы жарысынан күміс жүлде иегері Денис ЗИНОВ

рағандылықтар Альмира Ибрагимова мен Александра Быстрова да бар. Альмира Ибрагимова қысқы жастар ойындарының жүлдегері болса, Александра Быстрова 2020 жылғы қысқы жастар ойындарының қатысушысы.

Одан бөлек, қысқы универсиада ойындарында шорт-тректер ерлер құрамасы сапындағы қарағандылық Дамир Курманов ертен ел намысын қорғайды. Айта кетейік, жерлесіміз шорт-тректер спорт шебері, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. «Азия балалары-2019» I қысқы ойындарының чемпионы әрі 2024 жылы Италияда өткен Alta Valtellina Trophy халықаралық турнирінің жүлдегері.

Тағы бір қарағандылық спортшы Владислав Киреев биатлоннан ерлер арасында 12,5 шақырымға із қуалау жарысынан бақ сыйнайды.

Айта кетейік, ел құрамасы қоржынына алғашқы қос алтынды фристайлшы Анастасия Городко салды. Одан кейін биатлоннан 10 шақырымдық спринт жарысында Никита Акимов қоржындағы алтын санын еселеді. Ал, фристайлдан жұптық сайыста сынға түскен Аяулым Әмренова мен Антон Бондарев күміс жүлде алып келген болатын. Сонымен қатар, парашаңғышы Денис Зинов шаңғы жарысының коньки стилімен 10 шақырымды бағындырып, күміс жүлде еншілеген еді. Кейіннен қысқа арақашықтық бойынша 1400 метр қашықтықта мәреге екінші болып келіп, тағы бір медальға ие болды. Осылайша Денис Зинов екі дүркін қысқы универсиада ойындарының жүлдегері атанды.



Суреттер ашық дереккөзінен

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 638

№7 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ермаған КЕҢЕСБЕКҰЛЫ